

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**«ЭКСПО-2017» – АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ТҰРАҚТЫ
ДАМУЫНЫҢ МЕДИААЛАҢЫ»** атты
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

28 қыркүйек 2015 жыл

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции
**«ЭКСПО-2017» КАК МЕДИАПЛАТФОРМА УСТОЙЧИВОГО
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА»**

28 сентября 2015 года



Ғылыми редактор:
ф.ғ.к, доцент С.Медеубек
с.ғ.д., профессор Г.С. Сұлтанбаева

Жауапты редакторлар:
ф.ғ.д., Ш.И. Нұрғожина
аға оқытушы А.Б. Ақынбекова

Техникалық редактор:
А.Б. Төлешова

«ЭКСПО-2017» – адами капиталдың тұрақты дамуының медиаалаңы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 28 қыркүйек, 2015 жыл / жауапты ред.: Ш. Нұрғожина, А. Ақынбекова – Алматы: Қазак университеті, 2015. – 99 б.
ISBN 978-601-04-1658-1

Ғылыми конференция Қазакстанның инновациялық триумфы, технологиялық платформасы саналатын, сондай-ақ елімізді «смарт идеялардың» моделіне айналдыратын «ЭКСПО-2017» тақырыбына арналып отыр.
ISBN 978-601-04-1658-1

Олай болса, сол БАҚ-тың ел ішіндегі ақпараты әрбір отандасымызға объективті әрі нақты, дұрыс жетуі үшін ақпарат құралдарындағы тілдік балансты да ескеріп, соған сай әрекет еткені жөн. Мемлекет өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алдымен ақпараттық саланың іргесін мығымдал алғаны дұрыс.

Бүгінгі таңда Қазақ еліндегі мемлекетқұраушы ұлт – қазақтардың үлесі 65 пайыздан асса да, ел думалығында таралатын хабарларды олар өзге тілде қабылдауға мәжбүр болып, олардың құқығы бұзылғанын әрбір тармақтарын өз дәрежесінде қолданылуын орнын тез арада толтыру үшін БАҚ туралы келген шетелдік және отандық БАҚ-тан талап ету керек.

ЕХРО көрмесін бүкіл ел бірауыздан қолдап, белеенді атсалысуы үшін ол көрме жайында қазақ тіліндегі түрлі қызықты хабарлар (ақпараттық-сараптамалық, ақпараттық-насихаттық, жарнамалық ролдардың мемлекеттік тілді үйренуіне де сеп болар еді.

Ғаламтор кеңістігін де біз өз қажетімізге қарай тиімді пайдалануды қолға алуымыз керек. Өлеу-халыққа насихат жұмыстарын жүргізуді қолға алу қажет.

Баспа ісі саласында да бұл ерекше көрме жайында түрлі өнімдер шығарып, таратуды қолға алу керек. Ол қарапайым жапсырма, плакат, бүктемелерден бастап, түрлі ақпараттық-насихаттық түрлі түстерге да артық етпес еді. Көрмеге қатысты ұйымдастырылып жатқан түрлі шаралардың қорытындысы ретінде түрлі фотоальбомдар сериясын шығаруды да қолға алу сәтті жоба болмақ.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ең бастысы ел ішінде қолдау тапқан бұл көрмені әлем елдері алдында абыроймен өткеру әрбір қазақстандық үшін серт болмақ.

Әліқожа Б.,

ҚазҰУ-дің оқытушысы



ТҮР МЕН ТҮС ІЛІМІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ. КӨСЕМСӨЗ ОБРАЗДЫЛЫҒЫН БАЙЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Түстану – физика, физиология, психология, философия, эстетика, өнер тарихы, журналистика, филология, этнография, әдебиеттің түс туралы мәліметтерінің жүйеленген синтезін құрайтын және түстің табиғи феноменін зерттейтін түс туралы жиынтық ғылым. Ал колористика («color» – ағылшын сөзі «түс») – түстің адам қызметінің түрлі салаларында түстің қолданылуының теориясын зерттейтін түс туралы ғылымның бір бөлігі. Осы түстану ғылымының тарихына үңілетін болсақ, түстер туралы ілім мен зерттеулердің – мифологиялық кезең, Ежелгі шығыс, Қытай, Үндістан, Ежелгі Египет, Грекия, Римдік антикалық кезең, Орта ғасыр, Батыс еуропа, Таяу шығыс, Исламдық өркениет, Ренессанс, Модерн кезеңдерін атап өтуімізге болады. Әр кезеңнің түстердің түрлі өнер салаларында қолдануында өзінің ерекшеліктері, ғылыми тұрғыда қосқан үлестері орасан болды.

Осы тұста батыс ғылыми мектебінің түстер теориясының дамуына қосқан сүбелі үлесіне тоқталмақпыз.

Ренессанс дәуірінде Леонардо Да Винчи (1452-1519) түстердің жаңа жүйесін жасап шығарды. Ол негізгі 6 түсті бөлді: ақ, сары, жасыл, көк, қызыл, қара. Ал басқа түстердің әр түрлі пропорцияларда осы негізгі түстерді араластыруы арқасында алуға болатындығын айтты.

XVII ғасырда Исаак Ньютон күннің жарығын бөліктерге бөліп, түстік дөңгелек арқылы алынған түстерді бір жүйеге келтірді. Ньютонның тәжірбиесін былай жасап еді: жарық бірінші кішкентай сапылаудан өткізіледі, одан кейін өткен сәуле prizma арқылы сындырылған болатын. Нәтижесінде Ньютон кемпіркөсак түстерінен тұратын жеті түсті спектр алып, ақ жарық жеті түрлі құрамдас бөлік-кө-түстерге бөлінетіндігін айтты. Ньютонның түстер шеңберінде 12 сектор бар: 7 спектрлік түстен (қызыл, қызғылт-сары, жасыл, сары, ашық көк, көк, күлгін) бөлек, аралас және өтпелі 5 түсті де қамтыған болатын. Ньютонның бұл түстік дөңгелегі бүгінде түстердің гармониялық үндестігін анықтауға тәжірибелік колористикада кеңінен қолданылады. Дөңгелектің жартысын «жылы түстер» (сарыдан жасылдан қызылға дейін) және жартысын «суық түстер құрайды».



4-сурет. Түстердің айналымы. И.Ньютоның «Оптика» кітабының иллюстрациясынан

Түстер арасындағы айырмашылық олардың жоюылуына дейін ұлғаяды. Бір-біріне қарама-қарсы түсте барынша контрастылы түстер орналасқан, оларды қосымшалары деп атайды. Егер оларды бір-біріне араластыратын болса, онда нейтралды сұр түс шығады. Ал егер оларды қатар қоятын болса, олар бір-бірін күшейтеді, бірақ көзбен қарағанда қолайсыздық туғызады. Қосымша түстерді гармонизацияға келтіру – тәжірибелік колоростиканың негізі. Әдетте контрастты азайту үшін оларға үшінші бір түсті қосады немесе архоматикалық түстермен (ақ, сұр, қара) бөледі. Екі немесе үш түстің үйлесімі оптимальды болып табылады, ал одан көп реңктер гармонияға нұқсан келтіреді.

Бір күні Ньютоның тәжірибесін неміс ақыны Гете қайталамақ болып, призма арқылы қарап көрді. Оның ол жерде не көргені ақынның 20 жылдық еңбегінің нәтижесі болған «Түс туралы ілім» эсері теуінде жазылады [1, 11 б.].

Түстердің табиғаты, оның адамға әсері туралы сұбелі еңбектер жазғанның қатарында неміс ақыны И.Гетенің орны ерекше. Гете түстер туралы физикалық немесе жаратылыстанулық бағытта еңбек жауға ұмтылмады. Ол түстердің табиғатын өзінше, ақын жүрегімен мәні мен мазмұнын аша отырып, түс пен адамның ара қатынасын, түстердің эстетикалық және моралдық жақтарына үңілуге тырысты. Адам түстерді қалай қабылдайды және түстер адамда қандай сезім туғызады – осы сұрақтарға ғылыми жауаптар іздеді ақын.

«Түстің табиғаты туралы еңбек» атты ғылыми жұмысында И.Гете түс туралы жан-жақты зерттеулер жүргізді. 1810 жылы жарық көрген аталмыш еңбегін ол өзінің поэзиялық еңбектерінен де жоғары бағалайтын еді. Бұл еңбегінде Гете түстерді, олардың үйлесімін, физиологиялық табиғатын және оның адамға әсерін зерттеп, «материалдың құрылысы мен формасына байланыссыз түс рухани көңіл-күйге белгілі бір дәрежеде әсер етеді» дейді. И.Ньютон бір ғана ақ түс бар, ал қалғандары біздің көзімізге белгілі бір толқындардың ұзындығының реакциясынан туындайды деген болса, Гете түсті табиғатта объективті құбылыс екендігін дәлелдегісі келді. (Осы күнге дейін физиктар мен «лириктер» арасында тартыс жалғасып келеді) [2].


Түс арқылы пайда болатын әсер заттық ассоциациямен емес, оның өзімен анықталады. «Жеке бояулық әсерлер арнайы әсер етуі керек және арнайы жағдайды туғызуы керек» дейді. Осылайша арнайы түстер айрықша рухани жағдайларды туғызады. Бұл тұжырымдарға сәйкес Гете белгілі бір түстерге адамның арнайы психологиялық жағдайларын қояды. Түстің ұзақ уақыт аралығында адамға әсерін, мысалы, түсті әйнектер арқылы, байқалған өзгерістерді зерттейді.

Өзінің түс туралы ілімінің психологиялық бөліміндегі тұжырымдарына сүйеніп Гете түстерді «жағымды» – жасыл, қызыл-жасыл (қызғылт-сары) және сары-қызыл және «жағымсыз» – көк, қызыл-көк және көк-қызыл түстерге бөледі. Бірінші топтағы түстер сергектік, іскерлік екінші топтағы түстер – тыныш емес, жұмсақ және мұнды көңіл-күй туғызады екен. Жасыл түсті Гете «нейтральды» тарапқа жатқызады.

Гете бойынша, жасыл адам қарағанда «көз қуанады, жүрек кеңейеді, адамның жаны жадырайды, бір жылылық есіп тұрғандай болады». Таза жасыл түс – жағымды. Алайда оның ластануы, суық түстерге қарай ығысуы немесе жағымсыз деңгейге көтерілуі, оның негативті, теріс символикалық мәнге ие болуына ықпал етеді [2, 769б.].

Қызғылт-сары түс Гете бойынша сары түстен де энергиясы көп. Мүмкін сондықтан да бола, бұл түсті Гете ағылшындар мен немістерге қарағанда француздармен таңдалады дейді.

Сары-кызыл түс – жағымды және көңілді түс. Бұл түстің белсенділігі жоғары, әсіресе бұл түсті энергиялы, сау, қатал адамдар «қуанады». Бұл түс жабайлырды да, балаларды да қызықтырады. «Көк түс – бұл энергия түсі, бірақ бұл түс теріс бағытта тұр, өзінің үлкен тазалығымен қатар толбен жеткізе алмайтын жағдайдың барын жазады. Бір жағы көк түс тылсымын сезінеді және бұл түс туралы біртүрлі, сөзсуықтықты да білдіреді. Көк түсі басым бөлмелер кен сияқты, бірақ бос және суық сияқты түйіледі. Егер әлемге көк түсті әйнек арқылы қарайтын болсаңыз, онда мұңды кейіпте көрінеді.



5-сурет. Түстердің айналымы. Акварель И.-В.Гете

Қызыл-көк (ақшыл көк түс) түс мазасыздану сезімін туғызады. Түс жанды, бірақ көңілсіз. Көк-қызыл түс мазасыздану әсерін ұлғайтады. Гете бұл түске ұзақ уақыт төзу мүмкін емес деп санаған, егер оны ауыстырмайтын болса. Гете таза қызыл түсті сары және көк түстердің полюстерінің гармониялық жалғасуы болғандықтан, бұл түсте көз «идеалды қанағаттанады» деп санаған. [2, 7986]. Қызыл түс салмақтылық, артықшылық және әсемдік, мархабат ету әсерін қалдырады. Қою қызыл көрілікті білдірсе, ашық қызыл (алқызыл) жастықты сипаттайды.

Гете қызыл-күрең түстің билеушілердің сүйікті түсі екендігін айтады. Бұл түс салмақтылық пен мәртебені білдіреді екен. Ал егер қоршаған ортаға, әлемге қызыл-күрең түс арқылы қарайтын болсаңыз, онда қорқынышты түрді көрсетеді, «ажал күнін» көргендей боласыз.

Сары түс пен көк түстей бірдей мөлшерде қосылатын болса, онда жасыл түс пайда болады. Көз жасыл түске қарағанда қанағаттанады ал жан «демалады». [2, 8026]. Гетенің пайымынша, жеке түстердің әсері адамға белгілі бір әсерлер қалдырумен қатар, оның «бүтіндікке» (цельность) ұмтылған жағдайын «шектейді». Бұл жерде Гете түстік гармония мен гармониялық психика арасында параллель жүргізеді. Көз белгілі бір түсті көргеннен басқа жағдайға өнеді. Оның табиғатына түстік дөңгелектің бүтіндігін қамтамасыз ету үшін басқа түсті тудыру тән. Осылайша адамның жаны да бір бүтіндікке жетінін жалшылыққа ұмтылады. Гете келесідей түстердің гармониялық үйлесімін анықтады: сары – қызыл-көк; көк – қызыл-сары; қызыл күрең – жасыл.

Гетенің түстердің гармониясы мен бүтіндігі туралы ілімін саралай келе, түстердің психологиялық әсері, мысалы сары түстің, өзінің тепе-теңдік әсерін туғызуы үшін қызыл-көк түсті қажет етеді. Гармониялық түстердің жұбынан бөлек бірін-бірі толықтыру қарым-қатынастары бар. Аталған алты түстердің «түстік айналымын құрайды», онда гармониялық үйлесімдер бір-біріне қарама-қарсы диагональды орналасқан. Гармониялық түстердің үйлесімінен басқа, Гете «мінезді» және «мінезсіз» түстерді бөледі. Бұл түстердің үйлесімі белгілі бір рухани әсерлерді туғызады, бірақ гармониялық қарама-қарсы түстерді атайды. Сары және жасыл Гете бойынша – жұтан, өңсіз үйлесім, оған бүтіндік үшін қажетті психологиялық тепе-теңдікке алып келмейді. «Мінезді» деп Гете түстік айналымда бір бояумен қарама-қарсы түстерді атайды. Сары және жасыл Гете бойынша – жұтан, өңсіз үйлесім, оған бүтіндік үшін қажетті психологиялық тепе-теңдікке алып келмейді. «Мінезсіз» деп Гете түстік айналымда бір бояумен қарама-қарсы түстерді атайды. Сары және жасыл Гете бойынша – жұтан, өңсіз үйлесім, оған бүтіндік үшін қажетті психологиялық тепе-теңдікке алып келмейді. «Мінезсіз» деп Гете түстік айналымда бір бояумен қарама-қарсы түстерді атайды. Сары және жасыл Гете бойынша – жұтан, өңсіз үйлесім, оған бүтіндік үшін қажетті психологиялық тепе-теңдікке алып келмейді. «Мінезсіз» деп Гете түстік айналымда бір бояумен қарама-қарсы түстерді атайды.

ласқан түстерді айтады. Олардың жақындығы тиімсіз әсер қалдырады. Жасыл мен сарыны Гете «көңілді кетті» дейді, ал көк пен жасылды – «жағымсыз кетті» дейді. Адамға түстердің психологиялық әсерін қалыптастыруда Гете түстердің ашықтық қасиеттеріне баса назар аударады. Мысал қара түс пен үйлесімде оның «белсенді» (он түстер) жағы әсер етуде белсенді емес «көңілді» болып көрінбейтіндей жағы ұтылады. Немесе керісінше, акпен үйлесімде белсенді емес «көңілді» болып көрінбейтіндей жағы ұтылады. Сонымен қатар, Гете түстердің символикасы мен психологиялық әсерінде маанилі аралық айырмашылығын да қаурайды. Ашық және алабажак түстерге «жиіркенішпен» қарайды. Киімнің түсін Гете құмар келеді. Білімді адамдар керісінше ашық түстерге «жиіркенішпен» қарайды. Киімнің түсін Гете ұлттың және жеке адамның мінезімен де байланыстырады. Тірі, алғыр, өжет халықтар белсенді табиғаттың күшейткіш түстерін ұнатады. Біртоғалар – ақшыл сарғыш түс пен қызыл-жасыл түсті таңдайды. Жас әйелдер ашық реңктерді таңдайды – алқызыл, ашық көк. Кәрі адамдар – қызғылт, қою жасыл түстерге басымдық береді [2, 838-848бб.].

Сонымен қатар, Гетенің пайымынша, түске оның фоны, айналасы әсер етеді. Мысалы, қара фондағы сұр түс, ақ фондағы сұр түске қарағанда әлдеқайда ашық сияқты көрінеді. Егер сұр түстің жанына қызыл түс қойылса, онда сұр түс те қызғылт болып көрінеді. Ал жарықтандыру кезінде түстер ашық болып көрінеді.

Осылайша, «Түс туралы ілім» еңбегінің психологиялық мәні жоғары. Түс Гетенің еңбектерінде құдіреттік немесе тылсым күштердің символы емес, түстер адам сезімінің, ойының көрінісі, поэтикалық символ емес, арнайы, нақты бір психологиялық мазмұны бар символ. Осылайша, бізге көрінетін түстер олар кездейсоқ емес, біздің көру мүшесінде оларды көретін негіз бар.

С.В.Месяцтың талдауы бойынша, Гете барлық физикалық түстер (яғни жарықтың қайсыбір ортамен модификациясынан туындайтын) жарық пен қараңғылық бұлыңғырдың ортасынан немесе қарама-қарсы тараптан жоғары біздің көзімізге әсерінен бір қарапайым феноменнен шығарылуы мүмкін деп қарастырған. Түс өздігінен көзге көрінбейді және түссіз. Алайда егер оны әлсіз көмескі ортада қарайтын болсақ, онда сары болып көрінеді. Ал егер де көмескілік ұлғаятын болса, онда сары түс бастапқыда қызылға реңк алады да, сосын қызғылт түске айналып кетеді. Немесе керісінше, көмескілік бұлыңғыр ортада түсіп бара жатқан жарықпен жарықтанатын болса, қараңғылық көрініп, біздің назарымызға спектрдің «салқын» бөлігіндегі күлгін түстен көкке дейінгі реңктер көрінеді. Егер осы екі феноменді бір феноменге біріктіретін болса, онда түстердің физикалық құбылыс ретіндегі негізін занып аламыз: түстің пайда болуы үшін жарық пен қараңғылықтың әрекеті бұлыңғыр ортамен байланыстырылуы тиіс. Гетенің айтуы бойынша, бұл жоғары ереже «ақылға сөздер мен болжамдарды ашылмайды, бірақ алдыңғыдай феномендердегі аңдауда көрінеді» [3].

Гете қараңғылықты түс деп анықтамайды, сонымен қатар оның жай жарықтың болмауы екендігін немесе жарыққа қарсы әрекеттегі позитивті жаратылыс екенін айтпайды. Рудольф Штайнер және оның мектебі Гетенің анықтамасын соңғы нұсқадағыдай тәңсірлейді. Олардың пікірінше, қараңғылық өздігінен белсенді ұстанымды мензейді (tätige Finsternis). Бұл жарықтан айрылған материя және ол жарықтың пайда болуы үшін негіз ретінде қызмет етеді. Ол өздігінен көрінбейді, бірақ та біз не көретінімізді алғы шарты болып табылды. Қараңғылық ролінде бұлыңғыр орта болуы мүмкін, немесе кез келген көлеңкелі дене, себебі жарықтың әрекеті ол бір нәрсені жарықтандырғанда ғана көрінеді.

Р.Штайнер «Естественно-научные труды Гете» атты еңбегінде Гетенің түске физиологиялық талдауы бұл туралы оптика іліміндегі зерттеуден мүлдем бөлек дейді. Яғни, «Гете көздің функциясына түсіндірейін деген жөке, көздің құрылымына орай оның қабілеті мен мүмкіндігін тану үшін түрлі жағдайлардағы көзді бақылауды қалады. Бұл жерде оның әдісі айтарлықтай аңдаушы (созерцательный) Көзге жарық пен қараңғы әсер еткенде не болады? Көру аймағына шектелген образдар түскен кезде не болады? Ол алдымен көзде қандай үдерістердің болатындығын, қашан белгілі бір қабылдаудың жүзеге асатындығын сұрамайды, бірақ ол көздің көмегімен тірі көру актісінде ненің жүзеге асатындығын анықтағысы келеді. Және бұл оның мақсаты үшін маңызды сұрақ» [4, 172б.].

Гетенің түс туралы еңбегінің физикалық бөлігіне тоқталатын болсақ, ол жерде Гете көзден түссіз түстің пайда болуымен байланысты жағдайларды анықтайды. Алайда, бұл жағдайлар қабылдау ретінде қала береді. Бұл жерде Гете призма, линза және т.б. көмегімен жарықта түстің қалай пайда болатындығын зерттейді. Ол үнемі түс өзінің пайда болуында қалай өздігінен денеден тыс пайда болатындығына ден қояды.

Тек түс туралы химиялық ілім туралы тарауында Гете денеден анықталған, бекітілген түстерге тоқталады. Егер түс туралы физиологиялық ілімінде құбылысқа түс қалай келуі мүмкін деген сұраққа жауап берілсе, физикалық ілімінде түстің сыртқы жағдайларда қалай пайда болатындығын қарастырылса, ал химиялық ілімінде денелік әлем қалай түрлі-түсті болып көрінеді деген сұраққа жауап беріледі.

ласқан түстерді айтады. Олардың жақындығы тиімсіз әсер қалдырады. Жасыл мен сарына Гете өзінің «нәзілді кетті» дейді, ал көк пен жасылды – «жағымсыз кетті» дейді. Адамға түстердің психологиялық әсерін қалыптастыруда Гете түстердің ашықтық касиеттеріне баса назар аударады. Мысал кәрі түстер мен үйлесімде оның «белсенді» (оң түстер) жағы әсер етуде ұтады, ал «белсенді емес» (теріс түстер) жағы ұтады. Немесе керісінше, ақпен үйлесімде белсенді емес «көңілді» болып көрінген адамның аралық айырмашылығы да қаузаиды. Ашық және алабажак түстерге жабайы «мәдениетсіз» адамның құмар келеді. Біздің адамдар керісінше ашық түстерге «жиіркенішпен» қарайды. Киімнің түсін Гете ұлттың және жеке адамның мінезімен де байланыстырады. Тірі, алғыр, өжет халықтар белсенді түсті ашық реңктерді таңдайды – алқызыл, ашық көк. Бартогалар – ақшыл сарғыш түс пен қызыл-жасыл түсті таңдайды. Одерінің артықшылықтарын көрсетуді көздейтін ұлттар қызыл түсті таңдайды. Жас әйелдер ашық берелі [2, 838-848бб.].

Сонымен қатар, Гетенің пайымынша, түске оның фоны, айналасы әсер етеді. Мысалы, кара фондағы сұр түс, ақ фондағы сұр түске караганда алдекайда ашық сияқты көрінеді. Егер сұр түстің жанына қызыл түс қойылса, олда сұр түс те қызылт болып көрінеді. Ал жарықтандыру кеңінде түстер ашық болып көрінеді.

Осылайша, «Түс туралы ілім» еңбегінің психологиялық мәні жоғары. Түс Гетенің еңбектерінің құрметтік немесе тылсым күштердің символы емес, түстер адам сезімінің, ойының көрінісі, позитивтік символ емес, арнайы, нақты бір психологиялық мазмұны бар символ. Осылайша, бізге көрінетін түстер олар келдейоок емес, біздің көру мүшесінде оларды көретін негіз бар.

С.В.Месяцтың талдауы бойынша, Гете барлық физикалық түстер (яғни жарықтың қайсыбір ортамен модификациясынан туындайтын) жарық пен қараңғылық бұлыңғырдың ортасынан немесе қарама-қарсы тараптан жоғары біздің көзімізге әсерінен бір қарапайым феноменнен шығарылуы мүмкін деп қарастырған. Түс өздігінен көзге көрінбейді және түссіз. Алайда егер оны әлсіз комескі ортадан қарайтын болсақ, онда сары болып көрінеді. Ал егер де комескілік ұлғаятын болса, онда сары түс бастапқыда қызылдан реңк алады да, сосын қызылт түске айналып кетеді. Немесе керісінше, комескілік бұлыңғыр ортада түсіп бара жатқан жарықпен жарықтанатын болса, қараңғылық көрініп, біздің назарымызға спектрдің «салқын» бөлігіндегі күлгін түстен көкке дейінгі реңктер көрінеді. Егер осы екі феноменді бір феноменге біріктіретін болса, онда түстердің физикалық құбылыс ретіндегі негізгі заңын аламыз: түстің пайда болуы үшін жарық пен қараңғылықтың әрекеті бұлыңғыр ортамен байланыстырылуы тиіс. Гетенің айтуы бойынша, бұл жоғары ереже «ақылға сөздер мен болжамдарды ашыпмайды, бірақ алдыңғыдай феномендердегі аңдауда көрінеді» [3].

Гете қараңғылықты түс деп анықтамайды, сонымен қатар оның жай жарықтың болмауы екендігін немесе жарыққа қарсы әрекеттегі позитивті жаратылыс екенін айтпайды. Рудольф Штайнер жек оның мектебі Гетенің анықтамасын соңғы нұсқадағыдай тәпсірлейді. Олардың пікірінше, қараңғылық өздігінен белсенді ұстанымды мензейді (tätige Finsternis). Бұл жарықтан айрылған материя және өз жарықтың пайда болуы үшін негіз ретінде қызмет етеді. Ол өздігінен көрінбейді, бірақ та біз не көртімізді алғы шарты болып табылды. Қараңғылық рөлінде бұлыңғыр орта болуы мүмкін, немесе көз келген қалыңдықпен, себебі жарықтың әрекеті ол бір нәрсені жарықтандырғанда ғана көрінеді.

Р.Штайнер «Естественно-научные труды Гете» атты еңбегінде Гетенің түске физиологиялық талдауы бұл туралы оптика іліміндегі зерттеуден мүлдем бөлек дейді. Яғни, «Гете көздің функциясына түсіндірсеін деген жоқ, көздің құрылымына орай оның қабілеті мен мүмкіндігін тану үшін түрлі жағдайлардағы көзді бақылауды қалады. Бұл жерде оның әлісі айтарлықтай аңдаушы (созерцательный) көзге жарық пен қараңғы әсер еткенде не болады? Көру аймағына шектелген образдар түскен кезде не болады? Ол алдымен көзде қандай үдерістердің болатындығын, қашан белгілі бір қабылдаудың жүзеге асатындығын сұрамайды, бірақ ол көздің көмегімен тірі көру актісінде ненің жүзеге асатындығын анықтағысы келеді. Және бұл оның мақсаты үшін маңызды сұрақ» [4,172б.].

Гетенің түс туралы еңбегінің физикалық бөлігіне тоқталатын болсақ, ол жерде Гете көзден түс ретінде пайда болуымен байланысты жағдайларды анықтайды. Алайда, бұл жағдайлар қабылдау ретінде қала берелі. Бұл жерде Гете призма, линза және т.б. көмегімен жарықта түстің қалай пайда болатындығын зерттейді. Ол үнемі түс өзінің пайда болуында қалай өздігінен денеден тыс пайда болатындығына ден қояды.

Тек түс туралы химиялық ілім туралы тарауында Гете денеден анықталған, бекітілген түстерге тоқталады. Егер түс туралы физиологиялық ілімінде құбылысқа түс қалай келуі мүмкін деген сұраққа жауап берілсе, физикалық ілімінде түстің сыртқы жағдайларда қалай пайда болатындығы қарастырылса, ал химиялық ілімінде денелік әлем қалай түрлі-түсті болып көрінеді деген сұраққа жауап беріледі.

Осылайша Гете түстің құбылыстар әлемінің атрибуты болуымен бірге көрінуін жап-жақты қарастырады. Гете мұнымен шектелмейді, ол түрлі-түсті денелік әлемнің жоғары қарым-қатынастарын «Түстің сезімдік-ұнамды әрекеті» тарауында қарастырады.

Ғалымдардың зерттеуінше, Гетенің түс туралы еңбегінің философиялық құндылығы жоғары. Т.Ю. Быстрованың «Эстетические идеи И.Канта и И.В. Гете как методологическое основание теории дизайна» деген еңбегінде автор «Гете өзінің түс теориясында адам мен қоршаған орта арасындағы тығыз қарым-қатынас идеясын келтіреді, ал бұл өз кезегінде XX ғасырдағы философиялық және ғылыми қауым-дестықтың игілігіне айналып еді» – дейді [5]. Адамның түстердің қабылдауын түсіндіруде, Гете абстарк-коршаған ортадағы процесстердің әсерісіз жүзеге аспайды. Гете адамдағы кез келген өзгеріс, не процесс жетті болуы тиіс жағдай сияқты. Немесе керісінше адам табиғат үшін жаралғандай.

Адамсыз әлем өзінің әлеуетін толықтай аша алмайды: түсті көруге болады, егер адам оны қабылдауға бейімделген болса ғана; түс адамда ғана емес оның табиғатпен «қиылысуында» пайда болады.

Т.Ю.Быстрованың пікірінше, бұл парадигма эстетикалық қызмет, дизайн саласы бойынша кез келген зерттеуді жүргізу үшін теориялық және терең философиялық негіз болады.

Осылайша, Гетенің пайымы бойынша түстің пайда болуына қараңғылық керек. Түс табиғаты бойынша қараңғымен модификацияға ұшыраған жарық болып келеді. Жарыққа ең жақын жерде сары, ал қараңғылықта көк түстің модификациясы туады. Екі түсті үйлесіммен араластыру нәтижесінде жаңа түс пайда болады. Сонымен қатар, әрқайсысының жеке-жеке интенсификациялануы да мүмкін. Аздап қоюлатудың арқасында олар қызғылт реңкке көшеді, көк – күлгін түске, сары – сарғылт түске. Оларды араластыру жарық, таза қызыл күрән түстің пайда болуына әсер етеді, оны Гете «бөліктей туальды, бөліктей потенциалды басқа барлық түстерді өзінде қамтиды» дейді.

Гете бойынша қызыл түсте болатын дүние Ньютонда ақ түсте болады. Көк, жасыл, күлгін, сары, сарғылт және қызыл күрән түстер Гетенің «Түстер туралы ілім» еңбегінің негізінде жатыр.

«Заттарға біздің бір ғана қарағанымыз бізді алға жылжытпайды. Әрдайым қарау бақылауға алып келеді, ал бақылау – ойлануға, ойлану – байланыстыруға жол ашады, сондықтан біздің әр әлемге мұқият қарауымыздан ақ теория тудырамыз» деген Гетенің сөздерінде оның философиялық және зерттеу әдісінің ерекшелігі жинақталған [2]. Ол ешқашан бірден құбылыстарды теорияға айналдырмайды, өйткені ол аңдау мен пайымдау арқылы бір уақытта келеді: «Нақтылы бар дүниелердің барлығы өздігімен теория екенін ұғыну ең жоғары нәрсе болар еді: аспанның көктігі бізге хроматиканың (түс туралы ілім) негізгі заңын ашып береді. Құбылыстардың соңынан ештеңе іздемеу керек. Олар өздігінен ілімді құрайды».


Гетенің негіздеуі бойынша кез келген теория үшін сынамалы тас – ол тәжірибе. «Адамның ойлануы заттық ақиқатқа барып тіреледі ме, бұл теориялық емес, тәжірибелік сұрақ».

Қорыта айтқанда, батыс мектебінің тұстану ғылымының дамуына қосқан үлесі зор. Исаак Ньютон оптика мен түс теориясы саласында фундаментальді ашылулардың авторы болды. Экспериментальды жағдайда түс дисперсиясын ашуы мен оны әрі қарай детальды зерттеуі түс теориясының негізін құрады. Ньютон жарық өзінің сынуы арқылы призмадан өткенінде кемпіркосақтың түстерін жасайтындығын ашты (Сурет 6). Осылайша жеті түс туралы ғылыми тұжырымдар пайда болды.



6-сурет. И.Ньютонның түс теориясы

Ал Гете түсті зерттеудің салыстырмалы түрде жаратылыстанулық сынауларға көбірек жүгінді және ол түстердің табиғатын көбірек зерттеді (Сурет 7). Сонымен қатар, Гете түс туралы құрғақ ғылыми тұжырымдар бергенше, адамның түстерді қабылдаудағы психологиялық-эмоционалдық астарларына үңілуге баса назар аударды.



7-сурет. Гетенің түстік айналымы

Осы тұста Гетенің «Түс туралы ілімі» еңбегінің өнер саласы мен психолог мамандар үшін практикалық мәнінің жоғары екендігін атап өткен жөн.

Түсті өнерде, техникада, күнделікті өмірде, терапевтік тәжірибеде, т.б. қолдануда Гетенің еңбегінен пайдаланылады. Себебі, Гете өзінің еңбегінде түстік құбылыстарды түсіндіруде түстерді пайдалану бойынша пайдалы кеңестер айтады.

Сонымен, Гетенің түс туралы зерттеуі бойынша төмендегідей тұжырымдар мен қорытындылар жасауға болады:

1. Түс бүтін және бөлуге келмейді (ал Ньютонда ол жекелей түсті жарықтардан тұрады).
2. Түстік феномендер жарық пен қараңғының динамикалық өзара әрекеттесуі үдерісінде пайда болады. Сары және қызыл түстер «қараңғыланатын түстер» (мысалы, күннің батуында күннің жарығы атмосфера қабатымен қараңғыланады). Көк және күлгін түстер «жарықтанған қараңғыланатын түстер» (мысалы, аспанның түсі әлемдік кеңістіктің қараңғысында күннің атмосфераның жарықтануы арқылы көрінеді).
3. Түс – көру сезімін ашатын табиғаттың қарапайым құбылысы, яғни, түс – табиғатта бар дүние.
4. Маманды түстер әрқашан екеу: қызылға дейін күшейетін сары түс және көк-күлгін түске дейін күшейетін көк түс. Жасыл түс сары мен көктің араласуынан пайда болады, ал Ньютонда керісінше олар таза түстердің бірі еді. Күрең қызыл түс қызыл мен күлгін түстердің күшеюінен пайда болады. Яғни, негізгі түстер объективті түрде шектелген санда болады. Осы үш немесе алты түсті Гете өзінің «түстер шеңберінде» көрсеткен болатын. Ал қалған түстердің барлығы осы түстерді жарықтандырудан, яғни, жарықтанудан, т.б. туындайтын суретшінің, не бояушының, дизайнердің техникасына байланысты өнерге беретін түстің тәжірибелік қызметіне жатады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ильина О.В., Бондарева К.Ю. Цветоведение и колористика: учебное пособие. СПб., 2008.
2. Гете И.В. Избранные сочинения по естествознанию. – М.: Изд-во АН СССР, 1957., Гете И.-В. Очерк учения о цвете. Пер. с нем. – в кн.: Гете И.-В. Избранные сочинения по естествознанию. М.: Наука, 1954.
3. С.В. Месян. ГЕТЕ И АРИСТОТЕЛЬ О ПРИРОДЕ СВЕТА И ТЬМЫ http://iph.ras.ru/uplfile/root/news/achne_02013/19_02_2013_sampas.pdf
4. Р.Штайнер «Естественно-научные труды Гете» bdn-steiner.ru/cat/Ga_Rus/001.doc
5. Т.Ю. Быстрова «Эстетические идеи И. Канта и И. В. Гете как методологическое основание теории дизайна» http://www.taby27.ru/tvocheskie_raboty/50/design_statyi/t.-bystrova-estetika-kant-gete-dizajn.html

МАЗМУНЫ

Мұтанов Ғ.М.	3
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Аяғысет	3
Жексенбай Б.Н.	4
«Жетінші арман» директорлар кеңесінің төрайымы, Бас редакторлар клубының Президенті	4
Жанболат С.М.	4
«Алаш-айнасы» Интернет-газетінің бас редакторы	4
Тоқашбаев М.Б.	5
«Президент және халық» газетінің Бас редакторы	5
Жақып Б. ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ «ПУБЛИЦИСТИКА» КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТҮСІНІГІ	5
ХАҚЫНДА	5
Сұлтанбаева Ғ.С. ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕГІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ	7
МӘСЕЛЕЛЕРІ	7
Қабылғазина К. АҚПАРАТТЫҚ ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ	12
МӘДЕНИЕТІ	14
Барлыбаева С. МЕДИАТЕХНОЛОГИИ ЦИФРОВОЙ ЭПОХИ	17
Қошпаев С. ЭКСПО-2017 И СМИ: МАНИПУЛИРОВАНИЕ ФАКТА МИРОВЫМИ	17
СМИ	18
Ахметова Л. МЕДИАОБРАЗОВАНИЕ – ВКЛАД В УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО	18
КАПИТАЛА	18
Мусаева Г. ЭКСПО-2017 И «МӘҢГІЛІК ЕЛ»: ЗАДАЧИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ В УСЛОВИЯХ	19
КРИЗИСА МЕНТАЛЬНОСТИ	19
Бекболатұлы Ж. ПОЛЬША ГЛАЗАМИ ЖУРНАЛИСТА	22
Мектеп-тегі А. МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ ТАСҚА БӘДІЗДЕЛГЕН ТАРИХ	25
Абдраев М. ТЕЛЕВИЗИЯДАҒЫ ДЫБЫС ЖӘНЕ КӨРІНІС ПЕН ИНФОГРАФИКА	28
Әбдиева Р.С., Құрманбаева А.Ә., ҚУАТ ҮНЕМДЕУДЕГІ МӘДЕНИ АСПЕКТТЕР	29
Алижанова А.Б., Ахсанбекова А. ҒАЛАМТОР ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ҚЫРЫ МЕН СЫРЫ	31
Величенко С.Н. МЕДИАОБРАЗОВАНИЕ В ЭПОХУ ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЩЕСТВА	34
Ложникова О. ОБУЧЕНИЕ ЖУРНАЛИСТОВ КУЛЬТУРЕ РЕЧИ КАК СОСТАВЛЯЮЩАЯ	34
МЕДИАОБРАЗОВАНИЯ	34
Қунахбаева А. МЕДИАПСИХОЛОГИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ИНТЕРНЕТА	36
Нога Л.П. МЕДИАКОМПЕТЕНТНОСТЬ ЛИЧНОСТИ И СОВРЕМЕННЫЕ ЗАДАЧИ	39
СМИ	39
Әлім Ә., Есхұтова Н. ЖУРНАЛИСТИКАДА «ЭКСПО – 2017» ЖОБАСЫНЫҢ МЕДИАБІЛІМ	41
БЕРУДЕГІ РӨЛІ	41
Аманжолбеков С. ОБЩЕСТВЕННОЕ ВЕЩАНИЕ КЫЗЫЛОРДЫ «ҚОҒАМ ТВ»	43
Мұхамеджанов Д. «ЕХРО-НЫ» НАСИХАТТАУДАҒЫ БАҚ-ТЫҢ РӨЛІ	46
Әліқожа Б. ТҮР МЕН ТҮС ІЛІМНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ, КӨСЕМСӨЗ ОБРАЗДЫЛЫҒЫН БАЙЫТУ	48
ТӘСІЛДЕРІ	49
Нарсентова Ф. БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ТЕНДЕНЦИЯСЫНЫҢ ӘЛЕМДІК	49
БАСЫМДЫҚТАРЫ	55
Алижанова Е.Б., Байтавлетова Б.И. ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ САЯСИ КАРТАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ТҮЙІНДІ	55
МӘСЕЛЕЛЕР	60
Куларина А.Т. КАЗАХСКАЯ СТРАНА НА ПУТИ СОЦИАЛЬНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ	63
Жумаева Ж.А. ВАЖНОСТЬ КУЛЬТУРНО-ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ НАУКИ В ИССЛЕДОВАНИИ	63
ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ	68
Молдабекова А.Т. ЖЕЛІЛІК ТАЛДАУ	72
Қалдырғазов Н.С. ОРЫС БАСЫЛЫМДАРЫ КЕНЕСАРЫ ХАН ТУРАЛЫ	72
Берікболлова Ә.Ж., Бекбосянова Ғ.А. «БОЛАШАҚТЫҢ ЭНЕРГИЯСЫ» МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРУДЕГІ	75
МЕДИАБІЛІМНІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ	78
Григорьева Г.Б. О РОЛИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ ПО	78
СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ЖУРНАЛИСТИКА»	81
Мухамедиярова Д.М. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕГІ ДҮРЫС	81
СӨЙЛЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПЕДГОГИКАЛЫҚ	81
МӘСЕЛЕЛЕРІ	82
Ерғожаев А. ЖАҢА МЕДИА ЕЛДІ АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ ТАБЫСТЫ ЖОЛЫ	82
Айдархан С., Қастай Д. «ЕХРО-2017» – АЛЫП ЕЛДІН ӘЛЕУЕТІН АЙҚЫНДАЙДЫ	86
Иманова А. ҚАЗАҚ ФАНТАСТИКАСЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК	87
Желдибаева Д. ЭКСПО: ҰЛТТЫҚ КҮНДЫЛЫҚТЫ ПАШ ЕТЕТІН МҮМКІНДІК	88
Балабекұлы Д. ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКАСЫ	90
	94